Өзін-өзі тану пәні бойынша «Мейірімге, махаббатқа толы жүрек» онкүндігінің ашылу салтанаты
02.02.2018жыл

Сағат: 14.00
Өткізілетін орны: Акт залы
Мақсаты:
Оқушылардың бойындағы махаббат, мейірімділік, қайырымдылық сезімін ояту.
Ән «Бүгінгі күн тамаша» орындайтындар 2 г сынып оқушылары




Еркежан:
Құрметті ұстаздар мен оқушылар бүгінгі «Мейірімге, махаббатқа толы жүрек» онкүндігінің ашылу салтанатына хош келдіңіздер
Мейірімділік, махаббат,
Қайырымдылық, адалдық.
Ақ жүректен шығады
Шын ниетпен шапағат
Өзіңді-өзің тануға,
Адамзатты сыйлауға,
Үйреніңдер жас ұрпақ,
Рухани байлық жинауға,

Дария:
Күн шуағын төккен жан,
Жүрегі қандай мейірімді.
Сара анамыздың балаларға,
Күндей жылы жүрегі.
Күн нұрынан жаралған,
Шуағы бізге таралған.
Мейірбан, Сара анамыз,
Жаралған нұрдан пейілі.




Аяжан:
- Күлімдеген күн мейірімді!
- Кіршіксіз ақ қар мейірімді!
- Бәрімізді көтеріп тұрған жер мейірімді!
- Аяулы анам мейірімді!
- Қадірлі әкем мейірімді!
- Әлпештеген әжем мейірімді!
- Еркелеткен атам мейірімді!
- Жылы жүзді ұстазым мейірімді!
- Тату - тәтті достарым мейірімді

Еркежан:
Жақсы мінез, жылы сөз - жан дәруі,
Жігіттің мұны керек аңғаруы.
Бейпіл сөйлеп, тік мінез танытқанның.
Тіптен оңай адасып, сандалуы.
Мінездер бар жақсы – жаман, әр алуан,
Әдептілік әділдіктен нәр алған.
Кең болғанның, кем болғанын көрмедім.
Теңізге ұқсап тасып жатқан шараңнан.

Сұрақ- жауап ойыны:

1. Сара Алпысқызы кім?
2. Туған күні қашан? Жасы нешеде?
3. Ол кісіні неге барлық балалардың анасы дейді?
4. Өзін-өзі тану пәні неге үйретеді?




Тренинг
Өзімді жақсы көремін
Сені де жақсы көремін
Барлықтарыңды жақсы көремін

Дария:
Мұрат етіп шындықты,
Ақиқатқа жүгінем.
Адалдықты ардақтап,
Жалғандықтан түңілем.
Үлкендердің ақылын,
Ақ бата деп ұғынам,
Шынын айтқан кішінің.
Пәктігіне қызығам.

Еркежан:
Өтірік айтып өрікпіп,
Жамандыққа бармайық.
Алдаймын деп өзгені,
Өзіміз ұятқа қалмайық.
Әр нәрсенің байламын,
Шындықпенен шешейік.
Дақ түсірмей жүрекке,
Тәтті ғұмыр кешейік.

Нұрасыл:
Сара Алпысқызы Назарбаева былай деген екен:
“Мен, әр бала, жас кезінен әрқашан дені сау әрі бақытты болып өсуін, өмір даналығы мен адамзатқа қызмет ете білу бақытын игере отырып, өсуін қалаймын. Өзінің кім екендігін, не үшін өмір сүріп, не үшін талпынатынын пайымдай білсін. Әркім өзін ашып көрсете білуі тиіс” деген екен

Көздеріңді жұмып Сара анамызға, өз аналарымызға жақсы тілектер тілейік

Олай болса өзінің «Мерекем» әнімен алдарыңызда 4 г сынып оқушысы Аян.




Еркежан:
Құрметті жас достар!
Нұрландырып ізгі жандар тілегімен,
Күн күлер мейірімнің реңінен.
Әлемдік сыйластықтың қызыл жібі.
Өтеді әр адамның жүрегінен,
Орындап ата - баба өсиетін.
«Өзімді өзім танумен, өсіп келем»
Келесі сөз кезегі ғылыми жетекші Назым Ділтайқызына беріледі.



Ал онкүндік жоспармен – **Ш.С.Омарова** таныстырады.



Бүгінгі**«Махаббат пен Шығармашылық педагогикасы»** атты онкүндіктің ашылу салтанатын аяқтаймыз.

Бірге: Қош сау болыңыздыр!